



Ақмешіт

11 сәуір
сейсенбі

№29 (1936)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Күн жылып, жердің тоңы жібіген кезде басталатын жыл сайынғы көктемгі дала жұмыстары Қызылорда қаласында да қарқын алды. Бұл – күзде органын кәдеге жаратқан егіншілердің тағы да қарбаласқа түсетін, қайнаған еңбектің қызатын шағы. Егістік жерді тазалау, жер жырту, тұқым себу, суару жұмыстары рет-ретімен жасалып, мол өнім алуға бағыт ұсталады.

КӨКТЕМГІ ЕГІС:

ЕҢБЕК ЕТІП, МОЛ ӨНІМ ЖИНАУ ҚАЖЕТ

Бүгінде ауыл шаруашылығы саласы еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатыны баршамызға белгілі. Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында бағдарламаларды жүзеге асыру қарқынды даму үстінде. Қазақтың жүрегі – ауылда. Жаһандану дәуірінде қазакылықтың қаймағын бұзбай сақтап отырған ауыл адамдары екені баршаға мәлім. Жылма-жыл егіс көлемін ұлғайтып, жер Анадан берекелі өнім жинай білген, төрт түлігін түлетіп, ыдысы ақтан арылмаған жергілікті тұрғындардың табыс қазанын қайната түсуіне үлкен жол ашылып келеді. Олай болса, биылғы көктемнің шуағымен, жер-ананың қызуымен егілетін көктемгі егістің барысы қалай? Қанша гектар жерге егін егілмекші? Техникалар күші жеткілікті ме? Осы сұрақтарымызбен қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне хабарласқанды жөн көрдік.

2 БЕТТЕ



Өткен аптада әлеуметтік желіде кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімді аяусыз соққыға жыққан балалардың бейнежазбасы тарап, қоғамды дүр сілкіндірді. Оқиға Қазалы ауданында болған. Жасөспірімдер арасындағы жанжал, ауданда топқа бөлініп төбелесу бұрыннан бар көрінеді. Мұндай төбелестен қанша баланың зардап шегіп, денсаулығына зиян келгені белгісіз. Алайда бүгінгідей ғаламтор желісі дамыған тұста бейнежазбаның таралуы қоғамның ашы шыңдығын, кемшін тұсын көрсетіп берді.

БАЛАЛАР АРАСЫНДА ӘЛІМЖЕТТІК: КЕК АЛУДЫҢ КЕСІРІ




Оқиғаның неден басталғаны белгісіз. Алайда Қазалы ауданындағы №266 және №70 мектеп-лицейінің оқушылары арасында кек алу мақсатында төбелес ұйымдастырылған – дейді білетіндер. Нәтижесінде 15 жастағы бала аяусыз соққының салдарынан ауруханаға түскен. Бұл туралы ешкім білмес пе еді? Төбелес барысындағы бейнежазба әлеуметтік желіге тарамағанда, бәрі жабулы қазан күйінде қалар ма еді, кім білсін?

4 БЕТТЕ

ОТАННАН ОПАСЫЗ ҒАНА ҚАШАДЫ

немесе тергеудегілердің соттан қашуына не себеп?..



Елдің шебі де, шегі де шекара екені белгілі. Шекара күзетіндердің Отан алдындағы борыштарына адал екендігіне шүбә да келтірмеймін. Бірақ Күдебаевтың елден қашуы Қазақстанда қылмыс жасаған да ақшаң болса кетіп қалуына мүмкіндік бар дегендей ой тудырады екен. Жасаған қылмыстары басқа болса да Әблзов пен Храпуновтың да әрекеті осыған саяды. Бұл аз десеніз, бір жарым жылдан бері тергеліп жатқан ұйқамақтағы «ТаразЭнерго» орталығының экс-басшысы Бақберген Мәуленов те қашып кеткен болып шықты. Сонда олар қайдан, қалай сытылып кетіп жүр? Оларға біреу көмектесті ме? Сұрақ көп...

Алдымен Серік Күдебаевқа тоқталайық. Ол – Алматы облысы полиция департаментінің бұрынғы бастығы. Шені – генерал. Қасіретті қаңтар оқиғасы бойынша тергеліп жатқан күдікті. Бір қызығы, әні-міне сот шешімі шығады дегенде елден қашып үлгерген. Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров: «Мұндай «тұтқиыл қашуды» ІІМ, шекара қызметі өкілдеріңіз ұйымдастыру мүмкін емес» деп жазды.

«Генералдың» қайдан, қалай қашқаны туралы ресми ақпарат жоқ. Дегенмен қырғыз бауырлардың елі арқылы Түркияға кетіпті-мыс. Сонда қырғыз жеріне қалай өткен? Бұл жерде Саировтай мәжілісменнің сөзі шындыққа жанасатын секілді. Әйт-

песе қаңтар қырғыны бойынша күдікті ретінде тергеліп жатқан адам қашып кетті дегенге ақыл-есі бүтін адам сене қоймайды. Бірақ... Шындық – осы.

Вақ.kz-тің хабарлауынша, Талдықорған қалалық сотының судьясы 9 наурызда Серік Күдебаевты гипертония диагнозымен емдеу мекемесіне жатқызылғанын айтқан. Сот отырысы сотталушының сырқатына байланысты бірнеше рет кейінге шегерілгендіктен, сотқа мәжбүрлен әкелу туралы шешім шығарылды. 3 сәуірде оның елде жоқ екені белгілі болған. Осыған байланысты Серік Күдебаевқа халықаралық іздеу жарияланды.

2 БЕТТЕ

Мәслихат депутаты мандатын алғаннан кейін халық қалаулылары алғашқы жұмыс барысын қаладағы құрылыс жұмыстарымен танысудан бастады.

ДЕПУТАТТАР ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ

Олар алдымен сол жағалауда «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынып жатқан ипотекалық көпқабатты тұрғын үйлерге барды. Аталған аумақтағы құрылыс барысымен қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар таныстырды. Қазіргі таңда мұнда «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасымен 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үй салынууда. Халық қалаулылары

барған №6 тұрғын үйдің құрылысына «Аман-Құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі жауапты. Жоба құны 890 миллион теңгені құраған көпқабатты үйдің іргетасы бұлтыр қараша айында қаланған. Жоспар бойынша биыл желтоқсан айында құрылыс жұмыстары толық аяқталуға тиіс. Осы орайда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев тұрғын үйлердегі ыстық су мәселесін қозғайды.

– Жоба бойынша бұл көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су жүргізілуге тиіс. Бұл мәселе облыстық мәслихаттың сессиясында көтеріліп, тиісті қаржыға ұсыныс берілді. Қаржы бөлінген жағдайда сол жағалаудағы 72 тұрғын үй жыл бойына ыстық сумен қамтамасыз етіледі, – деді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

2 БЕТТЕ



ЖАЯУДЫҢ ДА ЖОЛЫ БАР

Бұған дейін Қызылорда қаласында көше салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу өзекті болса, қазір қалада жаяу жүргіншілер жолын салу қолға алынууда. Бұл – тұрғындардың сұранысы.

Жаяу жүргіншілер жолын салуға облыстық бюджеттен 690 миллион теңге бөлінген. Бұл қаржыға қала бойынша жалпы ұзындығы 34 шақырымды құрайтын 19 жаяу жүргінші жолы салынбақ. Қазіргі таңда конкурс талабына сай жауапты мердігер мекемелер анықталған.

10 жаяу жүргінші жолын «Қызылорда жолдары» ЖШС мекемесі салса, қалған тоғыз «Ақнұр-Авто» ЖШС мекемесінің жауапкершілігінде.

Қазіргі кезде аталған 10 жаяу жүргінші жолының құрылысы аяқталуға жақын.



– Халықтың сұранысы аясында биыл жаяу жүргіншілер жолын салуға басымдық берілді. Осыған орай 19 жаяу жүргінші жолын салуға тиісті қаражат облыстық бюджеттен бөлінді. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге екі мердігер мекеме бекітілген. Қазіргі таңда 10 көшеге жауапты «Қызылорда жолдары» ЖШС мекемесі 7 жаяу жүргінші жолының негізгі бөлігін салып бітірді. Енді асфальт төсеу жұмыстары қалды. Қазір қаланың Шанхай аталынып кеткен шағын ауданындағы ЖШП-нің көшесі мен қаладағы СПМК-70 шағын ауданындағы Тараз көшесі және Халыққа қызмет көрсету орталығы аумағындағы Отырар көшесінің аяқ жағына бордюрлер орнату, киыршық тас төсеу сынды жұмыстар істелуде, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол ашылушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бастығының орынбасары Дархан Бактияр.

2 БЕТТЕ



КӨШЕТ КӨКТЕУ ҮШІН АЯҚСУ КЕРЕК

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөздің түпкі мәні теренде жатқаны даусыз. Қалада көктемгі дала жұмыстарымен қатар көшет егу ісіне айрықша назар аударады.

Халқының бірлігімен, тату тірлігімен, кәсіпкерлігімен өнерімен Алашқа үлгі Сыр елінің бас қаласы – Қызылорда күн өткен сайын құлпырып, бүгінде өзінің көркем келбетімен, тазалығымен көз сүйсінтіп келе жатқаны белгілі. Бұл тұрғыда ұдайы ұйымдастырылатын көгалдандыру және тазалық

шаралары шаһардың әсемденуіне зор септігін тигізеді. Биыл да көктем үлгі Сыр елінің бас қаласы – Қызылорда күн өткен сайын құлпырып, бүгінде өзінің көркем келбетімен, тазалығымен көз сүйсінтіп келе жатқаны белгілі. Бұл тұрғыда ұдайы ұйымдастырылатын көгалдандыру және тазалық

2 БЕТТЕ

КӨКТЕМГІ ЕГІС: ЕҢБЕК ЕТІП, МОЛ ӨНІМ ЖИНАУ ҚАЖЕТ



Дайындық басталды

Бөлім мамандарының айтуынша, биыл барлығы 9036 гектарға егін егу жоспарлануда. Оның ішінде негізгі дақыл күріш – 3610 гектар, дәнді дақыл – 107 гектар, бау-бақша, көкөніс – 2820 гектар, мал азықтық дақыл – 2499 гектар.

Ерте көктемде егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмыстары басталып, бүгінгі күнге 1849 гектар ескі жоңышқаны тырмалап, 170 гектар жаңа жоңышқа, 52 гектар жаздық бидай, 35 гектар қант құмайы егілді. Қашыртқылар мен су арналарын тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу бойынша ішкі су жолдарын 54300 текшеметр топырақ шығарылып, 4 гидробекет пен 2 су құрылысы жөндеуден өтті.

Сонымен қатар осы жылдың егісіне 918 тонна күріш тұқымы құйылып, оның 23%-ын отандық сорттар, 77%-ын ресейлік сорттарды құрап отыр. Қажетті минералдық тыңайтқыштың көлемі 3278 тоннаны құрап, толығымен сатып алынды. Оған қоса ауыл шаруашылығы құрылымдарының сұранысы бойынша биыл арамшөптерге қарсы колданатын гербицидтердің қажетті көлемі 4264 литрді құрап отыр.

Көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті 1007 тонна дизель отынның жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Жібек

Басы 1-бетте

Жолы LTD» ЖШС белгіленді. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынның сұранысы бойынша келісім-шартқа отыруда. Айталық, 1 литрі 215 теңгеден босатылуға, көктемге-479 тоннаны, күзге-528 тоннаны құрауда. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 148 ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда. Оның ішінде 91 трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көлігі бар.

Егін егемін десең, жер беріледі

Сонымен қатар облыс әкімінің жергілікті ауыл тұрғындарын өзін-өзі әлеуметтік маңызды бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қосымша жерлер дайындап беру тапсырмасына сәйкес 30 гектар жер ашып беру жоспарлануда. Қарауылтөбе ауылдық округінен-10 гектар, Қызылөзек ауылынан-20 гектар болып белгіленді. Осыған орай қала әкімінің әлеуметтік желідегі ресми сайтына хабарландыру жарияланып, бүгінгі күнге 25 тұрғын егін етуге өтініш білдірген. Өтінім қабылдау жалғасуда.

Күріш дақылдарын егу онтайлы мерзімдері бойынша «Ы.Жақаев атындағы Қазақ Күріш ғылыми зерттеу институты» ЖШС арқылы жасалып, сәуір айының 3-ші онкүндігінде бастау жоспарлануда. Көктемгі дала және егін егу жұмыстарының атқарылу барысы тұрақты бақылауда.

Тілші түйіні

Бүгінде қаладағы аяу райының құбылып тұрғанына қарамастан жауаптылар да көктемгі дала жұмысына білек сыбана кірісіп кетті. Ал шаруалардың еңбегінің нәтижесін уақыттың өзі көрсетеді.

Негізгі егін егу – жауапты кезең. Көктемгі егіс – дала жұмыстары алдағы уақытта да қарқын ала түспек. Ендігі міндет – берілген мүмкіндікті толық пайдалана отырып, ұйымшылдықпен еңбек ету. Басты мақсат – егін егу жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтап, мол өнімнің негізін қалау. Бұл берекелі, игілікті іс барысында егін егумен айналысатын әрбір шаруашылықтың басышы мен дикандарға үлкен жауапкершілік пен міндет жүктеледі. Себебі көктемнің әр күні жылға азық деген...

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

ЖАЯУДЫҢ ДА ЖОЛЫ БАР

Жаяу жүргіншілер жолы талап бойынша әлеуметтік нысандар орналасқан, халық көп шоғырланатын аумаққа салынады. Сондықтан бұл жолдарды ұзақ уақыт ел игілігіне жарағаны жөн. Жол салушы мамандар қаржы, құрылыс материалдары жағынан ешқандай тапшылық жоғын айтады. Сондай-ақ жұмыс барысы да кестеге сай уақытылы жүргізілуде. Мамандардың сөзінше, жаяу жүргіншілер жолы келер айға дейін толық пайдалануға беріледі.

Қалған 9 көшедегі жаяу жүргіншілер жолының құрылысы әлі-міне басталады деп күтілуде. Оған жауапты «Ақиқат-авто» ЖШС мекемесімен тиісті құжаттар жақында рәсімделген. Сондықтан істің барысы кешіктіріліп жатқан көрінеді. Ал жалпы құрылыс жұмыстары мамыр айына дейін аяқталып, ел игілігіне берілуі керек.

– Алда жаз маусымы. Бұл кезеңде жұртшылық кешкі уақытта жаяу жүргенді жөн көреді. Сондықтан жаяу жүргіншілер жолы қажет. Ал балалардың, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін мектеп, аурухана сынды нысандар

Басы 1-бетте



орналасқан аумаққа салынғаны дұрыс. Жазда немерелермен бір уақыт есік алдына шығасын. Алайда көшеде жүйтіккен көлік, қолды-аяққа тұрмайтын кішкентай балалар жүгіріп кете береді. Көлік қағып кете ме деп қорқасын. Ама! жоқ үйдің ауласынан шығармаймыз. Жаяу жүргіншілер жолының салынып жатқанына қуаныштымыз. Бұл да бір қарапайым тұрғындарға жасалған қамқорлық деп білемін, – дейді СПМК-70 шағын ауданының тұрғыны Жәмила Тасболатқызы.

Қала инфрақұрылымының жылдан-жылға дамып, халықтың басты қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы тұрғындарды қуантуда. Мәселен, биыл қала бойынша 231 көше жөнделеді деп жоспарлануда. Бүгінде мердігер мекемелер анықталып, бірқатар көшенің жөндеу жұмыстары басталған. Қала мен оған қарасты кент, ауылдық округ көшелерін жөндеуге барлық бюджеттен және мемлекеттік бағдарламалармен 10 млрд 246 млн теңге қаражат бөлінген.

Сала мамандары кей көшелердегі жеке тұрғын үй иелерінің есігін алдын жаяу жүргіншілер түсетін жолға дейін асфальттап алғанын айтады. Бұл өз кезегінде құрылыс заттарын үнемдеуге мүмкіндік берген. Осы үнемделген материалдарды мердігер мекеме жаяу жүргінші жолы жоқ басқа да көшелерге төселмек.

А.СЕЙІЛ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда қаласының «Арай» шағын ауданы мен оған жанаһып жатқан саяжайлар массивтерінің (550 га) егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізу» жобасы бойынша қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінде қоғамдық талқылау өткізілетіндігін хабарлаймыз.

Өткізу мерзімі: 17.04.2023 жыл, сағ: 16-00.

Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қ.Қазантаев көшесі, №43, 11-бөлме.

ОТАННАН ОПАСЫЗ ҒАНА ҚАШАДЫ немесе тергеудегілердің соттан қашуына не себеп?..

«ҚазАқпаратқа» шыққан дерекке сүйенсек, Серік Күдебаев Қазақстанның мемлекеттік шекарасынан ресми жұмыс істеп тұрған бекеттер арқылы өтпеген. Бұл ақпаратты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мәлім еткен.

«Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі азамат Серік Мырзақұлды Күдебаевтың (01.01.1965ж.т.) ресми жұмыс істеп тұрған өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтпегенін хабарлайды. Бүгінгі күні шектес мемлекеттердің шекара өкілдері аппараттармен бірлесіп отырып, тексеру тағайындалды. Тексеру нәтижесі қосымша хабарланатын болады», – делінген хабарламада.

Талдықорған қалалық сотының судьясы: «Прокуратура Қырғыз Республикасының

шекара қызметінен алған ақпаратқа сәйкес, Күдебаев 23 наурыз күні Бішкек қаласындағы Манас халықаралық әуежайынан Түркияның Ыстамбұл қаласына ұшып кеткен», – делі әлеуметтік желіде тараған видеода. Судьяның сөзінше, бұл – шекара қызметінің деректер базасы арқылы дәлелденген ақпарат.

Енді ірі көлемде ақша жымқырды деп айыпталған «ТаразЭнерго» орталығының экс-басшысы Бәкберген Мәуленовке келейік...

Жамбыл облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты-

ның хабарламасына сүйенсек, Бәкберген Мәуленов осы жылдың 28 наурызында өтетін сот отырысына келмеген. КТК телеарнасының хабарлауынша, «Мемлекет қаржысын жымқырды» деп айыпталған бизнесменнің қайда екенін ешкім білмейді-мыс. Ол соңғы сот отырыстарына да бармаған. Бүгін-ертең үкім оқылады деп жүргенде, судья қашып кеткен айыпталушыға іздеу жариялаған. Тура бір Күдебаев сияқты ізім-қайым жоқ болды. Басқа елге кетті ме, әлде Қазақстанда жасырынып жүр ме, ол жағы белгісіз. Анығы, оған да іздеу жарияланған.

Құрылыс алаңында бұдан бөлек жол, көлік тұрағы сынды мәселелер де қозғалды. Аулашылқ жолдардың тарлығы, көліктердің жүріп тұруына кедергі деген депутаттарға бөлім басышы соңғы жобалық үлгі бойынша көлік тұрағы тұрғын үйдің сыртқы бетіне салынады. Ал ішкі жолдар қауіпсіздікті сақтау үшін тұрғындардың және балалардың еркін жүруіне арналған. Сондай-ақ тек такси, жедел-жәрдем, өрт сөндіру көлігінің кіруіне ғана рұқсат етіледі деп жауап берді. Аталған аумақтан сайланған депутат Жасұлан Жарасбаев тұрғын үй аумағынан коммуналдық шаруашылық қызметкерлеріне арналған шағын мобильді топ отыратын ғимарат салынса деген тұрғындар өтінішін жеткізді. Бұл түрлі жағдай орын алған кезде тиісті сала мамандарын жан-жақтан іздемей, жақын маңнан көмек шақыруға қолайлы болмақ.



базына айналып. Жан-жағы ашық, жолы тар көпірмен балалар мектепке қатынайды. Қоғамдық көліктер де осы жерден

бірі – СПМК-70. Мұндағы №3 тұрғын кварталынан көпқабатты 4 тұрғын үй бой көтерген. Соның ішінде 60 пәтерлі ипотекалық

ДЕПУТАТТАР ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ



тұрғын үйдің құрылысы бітіп, қабылдау актісі тапсырылғанымен «Отбасы банкке» табысталмаған. Инженерлік желілері мен аба-тандыру жұмыстары жүргізілмеген тұрғын үй бір жарым жылдан бері ел игілігіне берілмей бос тұр. Сол себепті тұрғындар шағым түсірген. Халық өтінішімен мұндағы жұмыс барысымен танысуға келген депутаттар істің мәң-жайына қанық болды. Қазіргі таңда аталған тұрғын кварталдың инженерлік желілерін жүргізуге тиісті қаражат бөлініп, жылу, ауызу, көріз, газ желілері жүргізілген. Енді инфрақұрылымдық жұмыстары аяқталса облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға «Ремстрой» ЖШС тарапынан аулааралық аба-тандыру мен байланыс желісі жүргізілмек. Жалпы құрылыстың аяқталу мерзіміне 6 ай уақыт берілген.

Биыл қалада жол жөндеу, жаяу жүргіншілер жолының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Осы орайда халық қалаулылары Отырар көшесі бойына салынып жатқан жаяу жүргіншілер жолына барды. Бұл көшедегі жол құрылысын «Қызылорда жолдары» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Серіктестікке тиесілі 10 көшенің 7-еуіне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Қалған 3 көшенің құрылысы жуық арада аяқталады.

Халық қалаулыларының келесі бағыты Арай-Шұғыла шағын ауданында жалғасты. Ел арасында «остров» аталып кеткен бұл аумақта Кеңес заманында салынған ескі көпір тұрғындардың

Басы 1-бетте

А.САЙДУЛЛАҚЫЗЫ

КӨШЕТ КӨКТЕУҮ ШІН АЯҚСУ КЕРЕК

Қызылорданы жасыл желекке айналдыруды мақсат еткен акцияға қала әкімі Асылбек Шөменов те қатысты. Бұл жолы шаһар басышы сенбедігі сенбілікті бақылауға емес, білек сыбана көшет отырғызға кірісті. Алаңда бастау алған экологиялық жоба аясында аумақтарға 3000 түп қара тал, сыр талы, терек, туя, ясин секілді өңір климатына төзімді тал көшеттері отырғызылды.

Аяқсу мәселесі шешілді ме?

Негізгі әр апта сайын қалада ағаштың түр-түрі отырғызылуға. Бірақ олардың барлығының жақсы алып кетуіне аяқсу мәселесі толық шешілген бе? Бұл сұраққа қала әкімінің өзі де жауап берді.

– Биыл облыс әкімінің тапсырмасымен егілген талдарды күтіп-баптауға Қызылорда орман және жануарлар дүниесін

Басы 1-бетте

көзге жөніндегі мемлекеттік мекемесіне маусымдық жұмысшылар алынды. Қазіргі таңда отырғызылған жасыл желекке техникалық су ұңғымалары арқылы аяқсу жіберіле бастады. Өткен жылы қалада және оған қарасты кенттер мен ауылдық округтерде барлығы 33 жерасты су ұңғымасы қазылып, іске қосылған еді. Осы игілікті іс биыл да жалғасын тауып, облыстық бюджеттен бөлінген 337 млн теңгеге 14 ұңғыма бұрғылануда, – делі қала басышы.



Таза қала үшін...

Бұдан бөлек, қаламыздың аумағында «Таза қала үшін» деген ұстанымдағы қызылордалықтардың қатысуымен сенбілік өтті. Тазалық шарасы барысында саябақтар мен аулалардағы, көше бойындағы арықтар тазартылды, тал егу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Айта кету керек, биыл тазалық акциясы басталғалы қалада тоғыз мыңға жуық тал отырғызылды.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

Қолда бар деректерді негіз етсек, Бәкберген Мәуленов қазынаның 2 миллиард теңгесін қалтасына басқан деп күдікке ілінген. Бұдан бір жарым жыл бұрын баласы екеуі қалаға алынған екен. Мәуленовтің өзі үш ай бұрын кепілдіктен ұйамаққа шыққан. Бұл іс бойынша оның ұлы мен тағы 7 сыйбаласы тергеліп жатыр.

Р/с: Сөз басында талай қалтаның заңды белден басып, елден кеткенін жазғанбыз. Тіпті Әбләзов пен Храпуновтың да есімін атадық. Күдебаев пен Мәуленовтің де қалтасы қалың екенін ұмытпаған жөн. Қанша жерден іздеу жарияласаң да қалталыларды кейбір мемлекеттің бере қоны екіталай. Өйткені олардың қаржысын өз игіліктеріне пайдаланады деген де екішты әңгіме бар...

Әзіз ЖУМАДИЛДӘУЛЫ

Басы 1-бетте



Мемлекеттің басты байлығы – адам. Адам өмірі барлығынан да маңызды. Тәуелсіздік алғалы бері халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында көптеген арнайы бағдарламалар қабылданып келеді. Әсіресе ана мен бала денсаулығына ерекше мән берілуде.

Ана мен бала денсаулығы мемлекеттің ерекше мән беріп, назар аударатын салмақты саласы десек, артық айтқандық болмас. Себебі ұрпақтың сапасы мен ұлттың санына тікелей әсер ететін жандардың аман-саулығы – қоғам үшін қашанда маңызын жоймайтын құндылық. Ана мен бала саулығы – отбасы бақыты. Ал бақытты отбасы – ұлт болашағының айнасы.

Осыған орай №3 қалалық емхананың бас дәрігерінің ана мен бала жөніндегі орынбасары Нүрия Жұмағалиевамен сұхбаттасуды жөн көрдік.



ДЕНСАУЛЫҚ

МАМАН ЕСКЕРТЕДІ

Көңіл-күйіңізге, денсаулығыңызға ешқандай шағым болмаса да скринингтен міндетті түрде өтуі қажет. Профилактика – сіздің денсаулығыңызды қорғаудың маңызды әдістерінің бірі. Бүкіл әлемдегі медицина қазір дәрігерлердің, мемлекеттің ғана емес, азаматтардың өздерінің де денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікті арттыруға шақырады. Сондықтан жүргізілетін тексерулерден қалмаған абзал.

ишемиялық ауруы, ерлер мен әйелдер арасындағы қант диабеті, әйелдер арасындағы жатыр мойнының қатерлі ісігі, әйелдер арасындағы сүт безінің қатерлі ісіктері, ерлер мен әйелдер арасындағы глаукома, ерлер мен әйелдер арасындағы тоқ ішектің және тік ішектің қатерлі ісігі және тәуекел тобындағы адамдарға созылмалы В және С гепатиттері. Мысалы, жатыр мойны обырын скринингтен 30-70 жас аралығындағы әйелдер 4 жылда 1

НАҒЫЗ АНА БАҚЫТЫ – СӘБИДІҢ АМАН БОЛУЫ

– Нүрия Қауынбайқызы, қаладағы ана мен бала денсаулығына қандай баға бересіз? Сізді маман ретінде қандай мәселе толғандырады?

– Ана мен бала денсаулығын сақтау – денсаулық сақтау жүйесінің басты бағыттарының бірі. Өңірімізде туу жасында – 177 мыңнан астам әйел және 431 мыңнан астам бала тұрады. Былтырғы көрсеткіш бойынша 20 730 жүкті әйел бақылауда болды және 20 514 бала дүниеге келді.

Әйелдер мен балаларға білікті медициналық көмек көрсету үшін аймақта 21 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету нысаны, 8 перзентхана, оның ішінде облыстық перинаталдық орталық, сонымен қатар көпбейінді облыстық балалар ауруханасы жұмыс атқарады. Биыл ана мен бала көрсеткішіне аса мән беріліп келеді. Ол қоғамда назардан тыс қалмайды.

Ал маман ретінде мені толғандыратын мәселе – ана мен бала өлімі. Өткен жылы облыста алты жағдай тіркелді. Негізгі жүкті әйелдің емхананың медицина қызметкерлеріне деген сенімді қарым-қатынасының болмауы, медициналық көрсеткіштер бойынша қажет болған жағдайда жүктілікті ұзу мәселесі уақытылы шешілмеуі, үй ішінің қарсы қолхат беріп, дер кезінде жүктілікті үзбеуі, прегравидарлық дайындықтан жүктілікке дейін фертильді жастағы әйелдердің толық өтеуі салдарынан, жүктілік кезінде көптеген асқынулар табылуда. Себебі қазіргі таңда әрбір отбасы дайындықтан өтпей жоспарсыз көтереді. Емханаға акушер-гинеколог дәрігеріне қаралған кезде жүктілікке қарсы абсолютты көрсеткіш табылған жағдайда қарама қарсы көрсеткіш бола тұра жүктілікті жалғастыру салдарынан ана өлімі тіркеледі.

Қазіргі күні ҚР акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес әрбір фертильді жастағы әйелдер жүктілікке дейін тексерістен толық өз деңгейінде ақысыз тексерілуіне мүмкіндік бар. Онда жүктілікке дейін тексеру барысында анықталған ауруларды тауып, сауықтыру жұмыстары жүргізіледі. Міне, осыны толығырақ әлеуметтік желілерде халыққа түсіндіру мақсатында айтуға болады. Егер әрбір жүкті әйел дәрігердің нұсқаулығымен жүрген болса, мұндай жағдай болмас еді.

– Мектеп жасындағы оқушылар арасында скрининг жүйесі қалай жүзеге асып жатыр? Мәселен, балаларды айтағанда үлкендердің өзі тексерілуден өтуге уақытылы келмей жатады.

– Орынды сұрақ. Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық тексерулерден өткізеді.

Халықтың нысаналы тобы – 1 айдан 18 жасқа дейінгі балалар. Маман ретінде айта кету керек, бұл кезде бала толық медициналық тексеруден өтеді. 25 мамырдан қыркүйек айына дейін 0-18 жас аралығындағы балалар денсаулығында бір кінәрат анықталған жағдайда, бекітілген халық тіркелімі бойынша емханаға қаралып, амбулаторлық, күндізгі емхана, стационарлық емханаларда емделуге болады.

Бірақ ата-аналар тарапынан алдын ала тексеруге қарсылық танытып, қолхат беретін жағдайлар да жиі кездеседі. Тіпті ересектердің өздері де денсаулығына немісқұрайлы қарайтын-дары да бар. Бірақ әрбір баланың денсаулығының жақсы болуы – ата-ананың міндеті. Сол үшін барлық балаларды медициналық тексерістен уақытылы өткізу қажет деп есептейміз.

– Жүкті әйелдер арасында мынадай мәселелер жиі кездесуде. Іштегі баланың жүрек қағысы аяқастынан тоқтап қалатын, ерте түсік болатын жағдайлар. Кей мамандардың айтуынша, бұған экологиялық ахуал әсер етеді. Ал сіз қалай ойлайсыз? Мұндай жағдайлардың орын алуына не себеп?

– Экологиялық ахуалдан бұрын әрбір жүкті әйел өзінің және құрсақтағы сәбиінің денсаулығы мықты болуы үшін дәрігер нұсқаулығымен жүргені абзал. Маманмен ақылдаса отырып, денсаулыққа күтім жасаса, жүктілікті аман сақтап қалуға болады. Сонымен қатар болашақ аналар көңіл-күйге де баса назар аударған жөн. Өйткені бұл кезде күйзеліске түсу қауіпті.

Мен бас дәрігердің ана мен бала денсаулығы жөніндегі орынбасары, акушер-гинеколог дәрігер ретінде «Дені сау ұрпақ жарқын болашақ», «Дені сау бала – болашақ жемісі» дегендей жүктілікке дейін бастапқы медициналық санитарлық көмек деңгейінде әрбір маман тексеру жұмыстарын өткізіп, науқастылығы анықталған жағдайда міндеттік әлеуметтік көмек тегін тексерулер мен зерттеулерге ақша бөлінгендігін атап айтамын.

– Акушер-гинеколог ретінде айтыңызшы, жүктіліктің 9 ай бойы қауіпсіз өтуіне не істеуге болады?

– Емханаларда акушер-гинеколог дәрігеріне 100 жүкті әйел мен 3300 фертильді жастағы әйел қарайды. Жыл сайын әйелдер қарау бөлмесінен өтіп, гинеколог дәрігеріне қаралады. Міндетті түрде онкоцитологиялық жұғынды мен тазалық жұғынды алынады. Егер ауру табылған жағдайда гинеколог дәрігеріне жіберіледі. Қосымша дәрігерге дейінгі бөлмеден әйелдердің бойы, салмағы, көз көруі, қант деңгейі, АҚК өлшенеді. Осы жерден аталған зерттеулерден өзгеріс анықталған жағдайда ЖТД дәрігеріне қаралуға жіберіледі.

Жүктілік кезінде ЭГА анықталса, 36 аптаға дейін қаламыздағы екі стационарға, қалалық аурухана мен облыстық көпбейінді ауруханаға жатқызылады. Тағы да айта кететін жайттардың бірі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылғы 1 қаңтарда іске қосылды. Оны енгізудің арқасында денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 2 есе өсті. 2023 жылы жүкті әйелдердің антенаталдық күтіміне қаржыландыру деңгейі өте жоғары. Сондықтан әрбір жүкті әйел гинеколог дәрігеріне тіркелген уақыттан бастап, босануға дейін барлық қызметті толық өз деңгейінде тегін ала алады. Тіркелген уақытта ҚР акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына сәйкес міндетті зерттеулер жүргізіліп, жүктілік регистріне салынады. Жүкті әйелдің зерттеулерінен өзгеріс анықталған жағдайда жтд дәрігері экстагениталдық ауруын анықтап, қосымша тар буында мамандарға жібереді. Жүктілік кезінде науқастылығы анықталған болса, хаттамаға сәйкес қосымша зерттеулер жүргізіліп, қосымша толық тар буында мамандар, ДҚК дәрігері, штаттан тыс мамандар да қатысады. Жүктілік кезінде асқыну болған жағдайда емханадағы бас дәрігердің ана мен бала жөніндегі орынбасарымен жүкті әйелдерге консилиум жасалады. Консилиум шешімі жүктілікті ұзу, жалғастыру жөнінде ұйғарым береді.

– Ана мен бала денсаулығы мықты болуы үшін қандай кенес бересіз?

– Жүкті әйелдерге әрбір бастапқы санитарлық медициналық көмек деңгейінде «Жас аналар мектебі» кабинеті қызмет атқарады. Бұл жерде арнайы маман «Тамактану пирамидасы», «Қауіп факторлары», «Босану жолдарын дайындау» бойынша егжей-тегжейлі түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Жыл көлемінде ана мен бала өлім-жітімін азайту жөнінде 2023 жылға арналған жедел іс-шаралар жоспарлары аясында жұмыстар атқарылып келеді. Облыстық денсаулық басқармасы тарапынан ана өлімін болдырмау, сәби өлімін төмендету мақсатында облыс, қала емханаларына эксперттік класс ультратдыбыстық аппаратулармен, ктг аппаратымен қамтылған. Бойына бала біткен әрбір болашақ ана осы қағидаларды ескеріп, қолға алса, дәрігердің айтқанын орындап, денсаулығына аса мән берсе, құрсақтағы сәбиіні қолына аман алып, нағыз ана бақытын сезінері сөзсіз. Барлық жүкті аналарға осындай бақыт тілеймін.

– Сұхбатыңызға рақмет! Ана мен бала аман болсын!



Әрбір емханада скринингтік кабинеттер бар, онда дәрігер күнделікті өмір салты мен тамақтану рационы, зиянды әдеттердің, тұқым қуалайтын аурулардың болуы туралы сұрап, бойын, салмағын, қан қысымын өлшейді, қандағы қант пен холестерин деңгейін тексереді. Содан кейін қажет болған жағдайда пациент қосымша тексеруге немесе бейінді маманның кеңесіне жіберіледі. Скринингтік тексеруге келген кезде жүргізілетін іс-шаралар тізбесі мынадай: Қан айналымы жүйесінің негізгі аурулары – артериялық гипертензия, жүректің

рет өтеді. Егер осы жылы науқас скринингтен өту үшін тізімге енгізілсе, уәжделі медбике оны скринингке шақырады және тексеруге қалай дайындалу керектігін айтады. Скринингке жататын ауруы бойынша «Д» есепте тұрған адамдарға тексеру жүргізілмейді.

Сау болам десеңіз скринингтік тексеруден өтуді ұмытпаңыз. Өйткені өз денсаулығыңыз өз қолыңызда!

Гүлзат МЕРГЕНОВА,

№3 қалалық емхана скринингтік мейірбикесі

Дерматофития – шашты, теріні, тырнақты, аяқты, шаптың манайын және бетті зақымдайтын микозды жұқпа. Ол халық арасында теміреткі деген атпен белгілі. Теміреткінің ең көп таралған түрі – микроспория және трихофития. Теміреткі – адамның терісіне ауру тудыратын микроскопиялық саңырауқұлақтардың енуінен пайда болатын жұқпалардың енуіне жол ашады және аллергиялық аурулардың басты себептерінің бірі.

Сонымен қатар бұл өте жылдам жұғатын және тез таралатын тері ауруы. Теміреткімен көбінесе балалар ауырады. Аурушандық деңгейінің өсуі күз-қыс айларында байқалады.



ТЕМІРЕТКІДЕН САҚТАНЫҢЫЗ

Теміреткі қалай жұғады?

Ауру көздері – көбінесе теміреткіні жұқтырған мысықтар мен иттер, әсіресе қаңғыбас жануарлар. Сондай-ақ ауру қоздырғышы бар науқастың басқимі, төсек жамылғылары мен ішкімі, сүлгіні, тарағын, жөкесін пайдаланғанда жұғады. Жеке бастың тазалығы және қоғамдық тазалық сақталмаған жағдайда, шаштараздарда да жұғуы мүмкін.

Үй жануарлары арасында жұқпаның таралуы оларды лас, қаранғы, тар қораларда ұстауға байланысты. Ауру қоздырғыштары жануарлардың жүндерімен, тері қабыршақтарымен, қора-жайдың еденіне, қабырғасына, төсемшесіне түседі. Мысықтар өздері ауырмаса да теміреткіні жұқтырған басқа жануарлардың жүндерін, тері қабыршақтарын үйге алып әкеледі.

Науқастың тері қабыршақтары, шаштары, ауру жұқтырған жануарлардың жүндері арқылы жұғады. Оған қоса тұрмыстық жұғу арқылы, яғни науқастың бас кийімі, төсек жамылғылары, тарағы, қайшысы және тағы да басқа жеке заттары арқылы жұғады. Қоздырғыштары сау адамның терісіне түскенде олар теміреткімен

ауырады. Теріде 6 айға дейін, ал шашта 4 жылға дейін сақталса, теміреткінің қоздырғыштары жөргелерде, көп-қабақты үйлердің кіреберістерінде, құмсалғыштарда 10 жылға дейін сақталуы мүмкін.

Ауру қалай байқалады?

Аурудың жасырын кезеңі – 1 аптадан 1 айға дейін, шаптың арасында 1-2 домалақ немесе сопақша келген үлкен, қызғылт немесе алқызыл түсті қабыршақты жара пайда болады. Беттің, дененің, аяқ-қолдың терісінде де домалақ, шеттері айқын көрінетін, білшекше тәрізді қабынған дақ болуы мүмкін. Жараның ортасында қабыршақтар байқалады. Бұл ауру 1-2 айға дейін ұзақ емдеуді талап етеді.

Құрметті ата-аналар!

Балаларыңызға теміреткіні жұқтырмау үшін мына іс-шараларды орындау қажет: Балалардың қаңғыбас жануарлармен ойнауларына жол бермеңіздер. Мысық пен итті асырап алғанда міндетті түрде мал дәрігеріне барып, жұқпалы тері ауруларына тексертіңіздер. Үй жануарларына дерматофитияға қарсы екпе ектіріңіздер. Екпені қаладағы немесе аудандағы кез келген ве-

теринарлық мекемеде алуға болады. Ауру мысық пен итті көшеге тастамаңыздар. Үй жануарларын ұстағаннан кейін міндетті түрде балалардың қолын сабындап жу-ғызғыңыздар. Бөтен адамдардың басқимдерін, тарақтарын, киімдерін, сүлгісін пайдаланбаңыздар. Спорттық кешендерден, шаштараздардан келгеннен кейін жуыну қажет. Теріде қабыршақты жара пайда болған жағдайда, шаш түсіп немесе қырқыла бастаса тері ауруын емдейтін дерматолог дәрігерге қаралыңыздар.

Нұрлыбек ҚОСАЕВ,
облыстық тері венерология
диспансерінің
дәрігер-дерматовенерологы



Бетті дайындаған Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ

